



БҰЙРЫҚ

15.07.2019

Есбол селосы

ПРИКАЗ

№ 81

село Есбол

Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарын құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 бабының 4 тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» №64 Қаулысын және де аталған қаулы негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы «Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы» №1032 қаулысын (АӘК, (атаулы әлеуметтік кепілдендірілген топтама) алатын отбасылары қатарындағы 6-18 жасқа дейінгі балаларға кепілді берілген әлеуметтік топтамамен қамту жұмыстарын өз деңгейінде және уақытылы атқару) басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатын тағайындау үшін жеке тұлғалардан келіп түскен

өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органы келісім бойынша қосымшаға сай құрылсын. (Қосымша №1)

2. Ата-аналардың немесе олардың заңды өкілдерінен өтінішпен қоса растау құжаттары қоса берілген қосымшаға сай қабылдансын. (Қосымша №2)

3. Алқалы орган жеке тұлғалардан келіп түскен өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қарау жұмыстарын жүргізсін.

4. Мектептің есепшісі, Б.Мырзағалиеваға жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны есептеп, ата-ананың есепшотына аудару міндеттілсін

5. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ф.Тюрина

Есбол орта мектебінің

№ ~~81~~ санды 15 шілде 2019 жылғы
бұйрығына қосымша №1

Мектеп директоры
Ф.Тюрина



Білім алушыларға қаржылай және метариалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарының құрамы:

Алқалы басқару органдарының төрайымы

Мектеп директоры Ф.Тюрина комиссия төрайымы;

Алқалы басқару органдарының хатшысы

Ағылшын тілі пән мұғалімі Г.Батырғалиева, мүшесі;

Алқалы басқару органдарының мүшелері

Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева, мүшесі;

Мектептің есепшісі Б.Мырзағалиева, мүшесі;

Мектептің ата-аналар қоғамдық кеңесінің төрайымы Ж.Джунаева мүшесі;

Мектептің әлеуметтік педагогы А.Төреғалиева, мүшесі;

Кәсіподақ кеңесінің төрайымы Э.Саликова, мүшесі.



Ата-аналардың немесе олардың заңды өкілдерінен өтінішпен қоса қабылданатын
растау құжаттарының тізімі:

1.Төменде көрсетілген санаттағы тұлғалар үшін өтініш иесінің (отбасының)
жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек
алушыларға тиесілігін растайтын анықтама;

1.1.Мемлекеттік атаулы көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан
балаларға;

1.2.Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы
табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан
балаларға;

1.3.Жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған патронаттық
тәрбиедегі отбасыларда тұратын балаларға;

1.4.Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін
отбасылардан шыққан балаларға;

1.5.Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар
мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі - білім алушылар мен
тәрбиеленушілер) (қаржылай және материалдық көмек көрсетуден бөлінетін
қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды),

2.Табыс туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе олардың
орнындағы адамдардың жалақысын, кәсіпкерлік және өзге де қызмет түрлерінен
түсетін табыс, балаларға және асырауындағы өзге де адамдарға алимент түріндегі
табыс);

3.Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасында
тәрбиеленетін балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронатты
тәрбиелеуді бекіту туралы аудан әкімінің шешімі;

4.Қажеттілік туындаған жағдайда алқалы орган отбасының материалдық-
тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау жұмысын жүргізеді:

5.Көрсетілген санаттарға қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы
шешім қабылдау үшін алқалы орган қажет болған жағдайда қажетті құжаттарды
сұратады:

6.Жеке тұлғалардан өтініш (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы
25 қаңтардағы №64 Қаулысына қосымша өтініш үлгісі негізінде)

**Жалпыға бірдей міндетті оқу қорын бөлу жөніндегі
комиссия отырысының хаттамасы**

Есбол орта мектебі

15.08.2019жыл.

Комиссия отырысына қатысқандар:

Комиссия төрайымы: Ф.Тюрина мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

1. С.Қоржықбаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
2. А.Төреғалиева – мектептің әлеуметтік педагогы
3. Э.Саликова – кәсіподақ ұйымның төрайымы.
4. Б.Мырзағалиева – мектептің бухгалтері
5. Ж.Джунаева - ата аналар комитетінің төрайымы

Күн тәртібінде:

1. Күнкөрісі төмен көп балалы отбасылардан шыққан, жетім және қамқоршылықтағы оқушыларға 2019-2020 жылының жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан берілетін материалдық көмек.
2. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан материалдық көмек көрсетілетіндер тізімін талқылау және бекіту.

Сөз сөйлегендер:

Ф.Тюрина – мектеп директоры жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан материалдық көмек берудің ережесі туралы айтып өтті. ҚР Үкіметтің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесі» қаулысымен және енген өзгерістер мен /Постановление Правительства Республики Казахстан от 22 февраля 2012 года №255\ таныстырылды.

С.Қоржықбаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, күнкөрісі төмен және көп балалы отбасылардан шыққан мұқтаж балалардың тізімін қарастыруды ұсынды.

А.Төреғалиева – әлеуметтік педагог оқушылардың ата –аналарынан мынадай: үй кітабының көшірмесі. Табысы туралы анықтама, туу туралы куәлік басқа растаушы құжаттармен қоса өтініштер түскенін мәлімдеді. Осы құжаттарды қарауға ұсынды. Жалпы саны 20 отбасыдан шыққан 46 оқушыға көмек берілуін ұсынамын. Өтініш білдірген отбасының адам басына шаққандағы күнкөріс деңгейі өз суммасына жетпейді.

Б.Мырзағалиева – мектептің бухгалтері. Жалпыға міндетті білім қорымен қамту қаражатынан әр балаға 10000 (он мың теңге) көлемінде, яғни 46 оқушыға 460000 (төрт жүз алпыс мың теңге) берілетін болады.

Шешім қабылданды:

Комиссия ата - аналар мен сынып ата- аналары комитеті ұсынған құжаттарды қарастырып, комиссия мүшелерін тыңдай келе, қаулы қабылдады:

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорының қаражаты есебінен 46 оқушыға әр балаға 10000 теңге көлемінде қаржылай есеп шоттарына аударылсын. (тізімі қоса ұсынылады)

Және ыстық тамақпен, тегін оқулықтармен қамтамасыз етілсін. Осы шешімнің орындалуы мектептің әлеуметтік педагогы А.Төреғалиеваға жүктелсін.

(қосымша1)

Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:

Хатшы:



Ф.Тюрина

С.Қоржықбаева
А.Төреғалиева
Э.Саликова
Б.Мырзағалиева
Ж.Джунаева
Г.Батырғалиева